

2015 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен үйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 19 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 3015 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы әкімінің аппаратының 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 01 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданы әкімінің аппаратының 05.01.2016 № 01 хатымен).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Сарыагаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін үйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қ о л д а н ы л а д ы .

4. «Сарыагаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулыны Сарыагаш ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми ж а р и я л а н у ы н ;

3) осы қаулыны Сарыагаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына

орналастыруын

қамтамасыз

етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
А. Тұрдалин ге жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі^{Б.Парманов}
Сарыагаш ауданы²⁰¹⁵
23 қаңтар^{жылғы}
№ 19 қаулысына қосымша^{екімдігінің}

2015 жылдың ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін үйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

к/с	Үйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Қала, кент, ауыл және ауылдық округтері әкімдерінің аппараты	көркейту, көгалдандыру, аймақтарды тазалау	566	7023815 шаршы метр	аудандық бюджет
		мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өндөу, құжаттарды көбейту және тарату	26	30000 дана	
2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктіліген бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі	Қарулы Күштері қатарына шакыру бойынша тұрғындармен жұмыс жүргізу, шакыру қағаздарын жеткізу	8	26 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет
3	«Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер Департаментінің Сарыагаш ауданының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	жастардың арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау жұмысын үйимдастыру, көмелетке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу («Сақшы» және «Тәртіп»)	150	Сарыагаш қаласы, Абай ауылы, Қектерек кенті және Әлімтау, Жылға, Дарбаза, Құркелес, Жарты төбе, Қабланбек, Жібек жолы, Дербісек, Жемісті, Қызылжар, Ақжар, Тегісшіл, Ақтөбе, Алпамыс батыр, Бірлесу, Бірлік, Біртілек, Бозай,	

		Жамбыл, Жүзімдік, Қошқараты, Ошақты, Ұшқын ауылдық округтерінің аумағында	аудандық бюджет
Жалпы	750		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК